

**Өндірістік жарақаттану  
(зардап шегу) және  
кәсіби ауру мәселелері.**

## **Қарастырылатын сұрақтар:**

- Жарақат және жарақат түрлері**
- Өндірістегі жарақат түрлері.  
Жазатайым оқиғалардың түрлері  
және оларды тергеп-тексеру реті.**
- Өндірістік (зардап шегуді) жарақат-  
тануды сараптау тәсілдері.**
- Кәсіби аурулардың себептері.**

**Жарақаттар** – бұл адам ұлпалары мен органдарының зақымдануы, сыртқы себептерден аяқ-қолдың сынуы мен буынның шығуынан, жұмсақ ұлпаның жаралануы мен дененің сыдырылуынан, органдардың зақымдануынан және көптеген басқа жәйттердің әсерінен ұлпалар мен органдар тұтастығы мен қызметінің бұзылуы.

## *Жарақаттану мынадай түрлерге бөлінеді:*

1. Өндірісте (өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында) жарақаттану;
2. Көлікте (автомобиль, темір жол, су көлігі, әуе көлігі) жарақаттану;
3. Көшеде жарақаттану (адамдардың көшеде құлап қалуынан, құлаған заттардың соғуынан, т. б. зақымдану);
4. Тұрмыстық жарақаттану (тұрмыста кездейсоқ себептерден зақымдану: баспалдақтан құлау, тұрмыстағы қолданылатын заттардан зақым алу, т. б. немесе төбелес, кісі өлтірушілік, өзін-өзі өлтірушілік және т. б. кезінде қасақана жасалатын зақымдар);
5. Әскери қызметшілердің соғыс кезіндегі және бейбіт кездегі жарақаттары болып табылатын әскери жарақаттану;
6. Спортпен айналысқан кездегі спорт жарақаттары.

**Жарақаттанудың әрбір түрінің өз ерекшеліктері болады, олар оқиғалардың мән-жайларына ғана емес, келтірілген зақымдардың сипатына да байланысты. Мәселен, өндірісте жарақаттанғанда — жаралану, көшеде — сынық, спортта соғып алу мен сіңірдің созылуы сияқты түрлері көбірек орын алады.**

**Сот-медицина тәжірибесінде оқиғалардың мән-жайы, әсіресе, тергеу басталған кезде көбінесе беймәлім болып қалады. Сондықтан қалай зақымданғандығын және зақымдардың сипаты мен ерекшеліктері бойынша олардың жасалған мерзімдерін анықтаудың зор маңызы бар.**

## *Жарақаттардың белгілері:*

*Жергілікті белгілер:* дененің зақымданған бөлігінің ауырсынуы, бозаруы, ісінуі, қан кетуі, қызметінің бұзылуы. *Жалпы белгілер:* ес-түсінен айырылуы, ыстығы көтерілуі, тамырдың нашар соғуы, артериалық қысымның төмендеуі, тыныс алудың, зат алмасуының бұзылуы және т.б.

## *Жарақаттардың*

*асқынуы:* **жарақаттық шок, талықсу; қансырау, қан кету; жара инфекциясы; өмірге маңызды мүшелердің қызметінің (жүрек, бүйрек, өкпе) бұзылуы.**

**Өндірістік жарақаттану  
(зардап шегу) - дегеніміз  
белгілі бір топтардағы  
немесе мекеме, саладағы  
белгілі бір уақыт аралы-  
ғындағы жазатайым  
оқиғалардың жиынтығы.**



# Өндірістік жарақаттанудың себептері.



**Өндірістік жаракаттануды сараптау әдістері төрт тәсілмен іске асырылады:**

**Монографиялық (моно- жеке) әдіс жұмыс орнында орын алған жазатайым оқиғаларды жан жақты зерттеумен байланысты. Бақытсыз жағдай болған кешенді еңбек жағдайын жіктеп – жіліктеп зерттейді, яғни еңбек және технологиялық процесстерді, жұмыс орнын, көмекші және негізгі құрылғыларды, жеке және коллективті қорғану құралдарын т.с.с.**

**Топографиялық сараптау әдісі жазатайым оқиғаның жиі орын алатын жерлерін анықтауға мүмкіндік береді. Бақытсыз жағдай орын алған жерге байланысты себептерді қарастырады.**

**Статистикалық(салыстырмалы) сараптау әдісі** мекемелердің, шаруашылық-тардың жазатайым оқиға жөнінде берген есеп, ақпараттарын аудан, облыс, республика, министерство көлемінде сараптауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс-тің негізгі көрсеткіштері – жарақаттанудың жиілік және ауырлық коэффициенттері - кәсіпорындағы, аудан, облыстағы жазатайым оқиғалардың сандық және сапалық көрсеткіштері болып саналады.

**Экономикалық әдіспен - өндірісте болған жазатайым оқиғалардың шығынын есептеуден бастап, еңбекті қорғауға жұмсалған қаржылардың тиімділігін есептеп шығару арқылы жүргізіледі.**

**$Ш_{\text{б}} = \Sigma Ш_{\text{ж}} + \Sigma Ш_{\text{к.а}}$ ; мұндағы**

**$Ш_{\text{б}}$  – барлық шығын;**

**$\Sigma Ш_{\text{ж}}$  – есеп мерзіміндегі жарақаттан келген барлық шығын;**

**$\Sigma Ш_{\text{к.а}}$  – есеп мерзіміндегі кәсіби**

**аурулардан келген барлық шығын**



**Өндіріс саласы оның ішінде химия өндірісінің саласы әртүрлі болғандықтан, ондағы болған өндірістегі жарақаттану мен кәсіби ауруларда әртүрлі сипатта болады. Бақытсыздық жағдайлар – бұл жұмысшыға өндірістегі қауіпті фактор әсер етуіне байланысты болған жағдай. Олар: өндірістік және өндірістік емес деп бөлінеді. Егер бір смена уақытында бақытсыздық жағдайлар болса, өткір аурулар, ал ұзақ уақыт нәтижесінде болса, созылмалы деп атайды.**

**Егер санитария ережесі бұзылса, адамға еңбектің кеселді жағдайы әсер етіп мамандық ауруларына ұшырайды.**

**Өндірістің қауіпсіз және еңбек жағдайларын жасаудағы аталған**

**жұмыстарын талдау үшін баршаға ортақ өндіріске байланысты болған**

**бақытсыз жағдайлар кәсіби ауруларды жапа шеккендер үшін берілетін есептің тәртібі бар. Сол тәртіпке сәйкес әрбір денсаулық сақтау орындары жылына бір рет өзінің басшылық органдарына статистика басқармасы болған бақытсыз жағдайлар мен кәсіби аурулардың қанша рет болғанын абсолют саны туралы мәліметтер беріп отыр.**

**Абсолют саны жарақат деңгейімен динамикасы жөнінде мәліметті толық бермейді, себебі әр өндірісте жасалған жұмысшы саны әртүрлі.**





**Кәсіби ауру дегеніміз-** өндірістегі зиянды факторлардың аз мөлшерде бірақ ұзақ уақыт бойы әсер етуінен еңбеккердің денсаулығының нашарлап, жұмыс қабілетінің төмендеуіне әкелетін аурулар. Белгілі бір мамандыққа байланысты кәсіпорынның зиянды әсерінен болатын кесел. Кәсіби аурулар кәсіпорындардағы санитарлық-гигиеналық ережелердің дұрыс орындалмауынан, шу, діріл, тағы басқа әсерінен пайда болады. Мысалы, шаң-тозаңы көп жерде жұмыс істеген адамның өкпесі пневмокониозға (өкпені шаң басу), ал радиоактивті препараттармен жұмыс істейтіндер сәуле ауруына шалдығады. Қатты дірілдейтін аспаптармен ұзақ уақыт жұмыс істеу тамыр неврозына (ангионеврозға) ұшыратады. Мал шарушылығындағы адамдар ауру мал арқылы түйнеме, маңқа, сарып, туляремия ауруын жұқтырып алуы мүмкін.

**Кәсіптік зиянды әсерлер тек Кәсіби ауруларды ғана емес, басқа аурулардың да пайда болуына әкеліп соқтырады. Жұмыс түріне қарай жұмыс күні мерзімін қысқарту, жыл сайын қосымша демалыс беру, жұмыс кезінде үзіліс жасау (15 – 20 мин), техникалық шараларды іске асыру – Кәсіби аурулардың санын азайтып, келешекте мүлдем жоюға мүмкіндік береді. Кәсіби ауруларды азайту үшін радиоактивті препараттармен, рентген кабинеттерінде, ыстық пештерде, тағы басқа жұмыс жасайтын адамдарды жұмысқа аларда және әрбір 6 – 12 ай сайын денсаулығын медициналық тексеруден өткізіп тұру қажет. Кәсіби ауруларға шалдыққандар әлеум. қамсыздандыру тарапынан жеңілдіктермен қамтамасыз етіледі.**

# **Кәсіби зияндылықтар еңбеккердің денсаулығына келтіретін әсеріне байланысты 4 топқа бөлінеді:**

- Өндірісте пайланылатын жабдықтар мен материалдардың ерекшеліктеріне байланысты**
- Өндірістегі еңбек кестесіне, ережесіне, еңбек ету ерекшеліктеріне байланысты.(**
- Жұмыс бөлмелерінде метеорологиялық жағдайлары мен санитарлық- гигиеналық жағдайларына байланысты**
- Өндірістік саланың ерекшеліктеріне байланысты**

# **Орындаған студенттер тізімі:**

**ҚТӘ 312топ**

**1. Жұмағалиева Айдана**

**2. Төлепбергенова Сымбат**

**3. Айтжан Аяулым**

**4. Көбей Раушан**

**5. Өрісбаева Арайлым**